

Жылу энергиясын өндіру саласындағы ұйымдардың энергиямен жабдықтау жүйелерін жаңғырту жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2019 жылғы 2 қыркүйектегі № 296 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 3 қыркүйекте № 19333 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2024 жылғы 6 желтоқсандағы № 442 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Энергетика министрінің м.а. 06.12.2024 № 442 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 70-36) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Жылу энергиясын өндіру саласындағы ұйымдардың энергиямен жабдықтау жүйелерін жаңғырту жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында ресми жарияланғаннан кейін орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

К. Бозумбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрлінің

2019 жылғы 2 қыркүйектегі

№ 296 бұйрығымен

бекітілген

**Жылу энергиясын өндіру саласындағы үйымдардың энергиямен жабдықтау жүйелерін жаңғырту жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы үйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Жылу энергиясын өндіру саласындағы үйымдардың энергиямен жабдықтау жүйелерін жаңғырту жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы үйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар ) "Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заны 5-бабының 70-36) тармақшасына сәйкес әзірленді және энергиямен жабдықтау жүйелерін жаңғырту жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы үйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған жылу энергиясын өндіру саласындағы үйымдардың шығындарын субсидиялау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бөлінетін бюджеттік бағдарламаның әкімшісі - мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган;

2) жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісі - облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдігі;

3) жұмыс тобы - жылу энергиясын өндіру саласындағы үйымдардың энергиямен жабдықтау жүйелерін жаңғырту жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы үйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялауға жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне бюджет қаражатын беру бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу жөніндегі консультациялық-кеңесші орган;

4) кредиттік шарт - халықаралық қаржы үйымы мен субсидия алушы арасындағы инвестициялық жобаны іске асыру туралы шарт;

5) өтінім - шығыстар көлемін негіздеу үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшісі жасайтын құжаттар жиынтығы;

6) республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі - электр энергетикасы саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

7) субсидиялау - халықаралық қаржы үйымдарының негізгі борышы бойынша сыйақының пайыздық мөлшерлемесін өтеуге субсидия алушыға республикалық бюджеттен қайтарылмайтын төлемдерді беру;

8) субсидия алушы - коммуналдық меншіктегі табиғи монополия субъектісі болып табылатын жылу энергиясын өндіру саласындағы үйим;

9) үш жақты келісім (шарт) - республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен немесе субсидия алушымен және халықаралық қаржы үйымымен энергиямен жабдықтау жүйелерін кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, қолдау жөніндегі жобаларды іске асыру туралы жасасатын келісім (шарт);

10) халықаралық қаржы үйимы (бұдан әрі - ХҚҰ) - қарыз және (немесе) кредит түрінде заңды тұлғаларға қаржылық көмек көрсетуді жүзеге асыратын халықаралық қаржы үйимы;

11) тарифтік смета - табиғи монополиялар салаларындағы мемлекеттік реттеу мен бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) бекіткен нысан бойынша ұсынылатын реттеліп көрсетіletтін қызметтері кірістерінің, шығыстарының және көлемдерінің тізбесі;

12) инвестициялық бағдарлама - инвестициялық бағдарламаның нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізуден немесе табиғи монополия субъектісі қызметінің көрсеткіштерін қолданыстағы деңгейде сактаудан көрінетін техникалық-экономикалық және (немесе) экологиялық әсерлерді алу мақсатында табиғи монополия субъектісінің қолданыстағы активтерін кеңейтуге, жаңғыртуға, реконструкциялауға, жаңартуға, қолдауға және жаңа активтерін құруға бағытталатын қаражатты салу және қайтару жөніндегі іс-шаралар жоспары.

3. Субсидия беру үшін республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі жұмыс тобын құрады, оның құрамына бөлінетін бюджеттік бағдарлама әкімшісінің, республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшісінің, жергілікті бюджеттік бағдарлама әкімшісінің құрылымдық бөлімшелерінің, мұдделі мемлекеттік органдардың және ХҚҰ өкілдері енгізіледі.

**2-тaraу. Жылу энергиясын өндіру саласындағы үйымдардың энергиямен жабдықтау жүйелерін жаңғырту жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық**

## **қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау тәртібі**

### **1-параграф. Субсидиялар алуға арналған шарттар**

4. Субсидиялау МҚҰ қарыздарының негізгі борышы бойынша сыйақының пайыздық ставкасын өтеу бойынша субсидия алушылардың шығындарын кейіннен субсидиялау үшін жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне нысаналы трансфертер беру арқылы жүзеге асырылады.

5. Субсидиялау шарты МҚҰ қарыздарының негізгі борышы бойынша сыйақының пайыздық мөлшерлемесін өтеу бойынша субсидия алушының міндеттемелерін орындаудың мүмкін еместігі болып табылады.

6. Субсидиялар мынадай критерийлер сақталған кезде беріледі:

- 1) субсидия алушы - табиғи монополия субъектісі;
- 2) субсидия алушыда МҚҰ-мен кредиттік шарттың болуы;
- 3) үш жақты келісімнің (шарттың) болуы.

7. Субсидияларды ұсыну МҚҰ кредит қаражатын алғанын растайтын құжаттарды ұсына отырып, бірінші басшы (немесе оны алмастыратын тұлға) бекіткен субсидия алушының есеп айырысу негізінде жүргізіледі.

8. Субсидия алушы:

- 1) дұрыс және негізделген есептеулердің ұсынылуын қамтамасыз етеді;
- 2) қаражатты МҚҰ қарыздарының негізгі борышы бойынша сыйақының пайыздық мөлшерлемесін өтеуге ғана пайдаланады.

9. Субсидиялар мерзімі өткен несие берешегі бойынша есептелген және төленген пайыздарды төлеу жөніндегі өзге де шығындарды өтеуге, сондай-ақ жарғылық капиталға қатысу мақсатына, шаруашылық қызметінің шығындарын және субсидия алушының салық міндеттемелерін жабуга берілмейді.

10. Бекітілген инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыруға тартылған МҚҰ қарыздарының негізгі борышы бойынша сыйақының пайыздық ставкасын өтеуге бөлінетін субсидиялардың мөлшері уәкілетті орган бұрын бекіткен тарифтік сметаның және тарифтерді төмендету салдарынан уәкілетті орган немесе субсидия алушы бекіткен қолданыстағы тарифтік сметаның шығындары арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Егер тарифтік сметаларда бекітілген инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыруға тартылған МҚҰ қарыздарын өтеуге және қызмет көрсетуге қаражат көзделмеген жағдайда, субсидия мөлшері субсидия алушының бекітілген инвестициялық бағдарламасын (жобасын) іске асыруға тартылған МҚҰ қарыздарын өтеуге және қызмет көрсетуге көзделген шығындар деңгейінде анықталады.

Егер тарифтік сметаларда бекітілген инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыруға тартылған МҚҰ қарыздарының негізгі борышы бойынша сыйақының пайыздық мөлшерлемесін өтеуге қаражат көзделмеген жағдайда, субсидия мөлшері субсидия алушының бекітілген инвестициялық бағдарламасын (жобасын) іске асыруға тартылған МҚҰ қарыздарының негізгі борышы бойынша сыйақының пайыздық мөлшерлемесін өтеуге көзделген шығындар деңгейінде айқындалады.

## 2-параграф. Субсидиялар беру

11. Субсидия алу үшін субсидия алушы жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне мынадай құжаттар жібереді:

- 1) субсидия алушының бірінші басшысы қол қойған ілеспе хат (еркін нысанда);
- 2) табиғи монополиялардың тиісті салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен немесе оның аумақтық бөлімшесімен келісілген субсидияларды ұсыну қажеттілігі туралы түсіндірме жазба (ХҚҰ-мен жүргізілетін жұмыс туралы ақпаратпен, субсидия бөлінген (бөлінбеген) жағдайда көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтің шамасын талдаумен бірге);
- 3) кредиттік шарттың көшірмесі (өтеу графигімен бірге);
- 4) үш жақты келісімнің көшірмесі;
- 5) жылу энергиясын өндіру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифті (баға, жинақ мөлшерлемесі) немесе оның шекті деңгейін және тарифтік сметаларды бекіту туралы бұйрықтың көшірмесі;
- 6) ХҚҰ-мен келісілген тиісті кезеңге негізгі борышты өтеудің пайыздық мөлшерлемесіне қызмет көрсету есептері;
- 7) бұрын бекітілген тарифтер мен тарифтік сметалар бұйрықтарының көшірмелері;
- 8) бекітілген инвестициялық бағдарламалар бұйрықтарының көшірмелері;
- 9) тарифтік сметалардың орындалуы туралы есеп;
- 10) кредиттік шарттың қолданылу кезеңінде инвестициялық бағдарламалардың орындалуы туралы есеп;
- 11) өзге кредит берушілер-банктер алдында мерзімі өткен берешегінің жок/бар екендігі туралы анықтама
- 12) қарыз алушының салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жок (бар) екендігі туралы тиісті салық органы анықтамасының көшірмесі. Анықтаманың берілген күні айқындау жүргізілген күннің алдындағы үш айдан аспауы тиіс.

Жоғарыда аталған құжаттар тігіледі, нөмірленеді, мөрмен (ол субсидия алушыда болған кезде) және субсидия алушы басшысының (немесе оны алмастыратын тұлғаның) қолымен куәландырылады.

Бұл ретте, осы Қағидалардың 6-тармағының 1), 2) және 5) тармақшаларында көрсетілген құжаттарға субсидия алушының бірінші басшысы (немесе оны алмастыратын тұлға) және бас бухгалтері қол қояды және мөрмен (ол субсидия алушыда болған кезде) куәландырылады.

12. Жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісі осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген ұсынылған құжаттар топтамасын тексереді, өтінімді қалыптастырады және респубикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне жолдайды.

Субсидия алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) дұрыс емес ақпарат ұсынған жағдайда, жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісі ескертулерді толық жою үшін қайтару себептерін көрсете отырып, үш жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда субсидия алушыға құжаттарды қайтарады.

13. Респубикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі субсидия бөлу туралы ұсыныстарды жұмыс тобының қарауына шығарады.

14. Жұмыс тобы субсидия алушылардың есеп айырысуларапна объективті және жан-жақты бағалау жүргізеді және субсидияларды бөлудің орындылығы туралы ұсынымдар шығарады.

15. Жұмыс тобы отырысының қорытындысы бойынша жұмыс тобы отырысының оң немесе теріс шешімі бар хаттамасы (еркін нысанда) ресімделеді. Жұмыс тобы теріс шешім қабылдаған кезде жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісі хаттаманың көшірмесін қоса бере отырып, күнтізбелік он бес күн ішінде субсидия алушыны хабардар етеді.

16. Жұмыс тобының оң шешімін ескере отырып, респубикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі бюджеттік өтінімді қалыптастырады және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес бөлінетін бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне енгізеді.

17. Респубикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне қаражат беру тиісті қаржы жылына арналған респубикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында бекітілген қаражат шегінде және Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 33-бабының 3-тармағына сәйкес бөлінетін бюджеттік бағдарламаның әкімшісі айқындастын тәртібі негізінде 163 "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы үйымдардың инфрақұрылымды жаңғыруту жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы үйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған

"шығындарын субсидиялау" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде бөлінетін респубикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі айқындастын тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

18. Респубикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі нысаналы трансфертер түрінде қаражатты МҚҰ қарыздарының негізгі қарызы бойынша сыйақының пайыздық мөлшерлемесін өтеу бойынша субсидия алушылардың шығындарын кейіннен субсидиялау үшін жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне жібереді.

19. Жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісі субсидияларды төлеуді осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген құжаттың және МҚҰ төлем шоттарының негізінде жүргізеді.

Откен қаржы жылында бюджет қаражаты пайдаланылмаған немесе толық пайдаланылмаған жағдайда, жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісі Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджет қаражатының пайдаланылмаған бөлігін жоғары тұрған бюджетке қайтаруды қамтамасыз етеді

20. Субсидия алушы жергілікті бюджеттік бағдарлама әкімшісінен субсидия алу кезінде МҚҰ төлем шотында көрсетілген мерзімде МҚҰ төлемін жүргізеді.

### **3-тaraу. Есептілікті ұсыну тәртібі**

21. Есептілікті жүзеге асыру мақсатында субсидия алушы жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша растайтын құжаттамамен бірге төленген субсидиялардың көлемдері туралы есепті тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне дейін ұсынады.

22. Жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісі респубикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша растайтын құжаттамамен бірге төленген субсидиялардың көлемдері туралы есепті тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күніне дейін ұсынады.

23. Респубикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі бөлінетін бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жиынтық есепті тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-күніне дейін ұсынады.

24. Жыл қорытындысы бойынша респубикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес бөлінген қаражатты пайдалану есебінен қол жеткізілген нәтижелер көрсеткіштері туралы қорытынды есепті ұсынады.

энергиямен жабдықтау  
жүйелерін жаңғыру жөніндегі  
жобаларды іске асыру үшін  
тартылған халықаралық қаржы  
ұйымдарының қарыздарын  
өтеуге және оларға қызмет  
көрсетуге арналған  
шығындарын субсидиялау  
қағидаларына 1-қосымша  
Нысан

### Төленген субсидиялар көлемдері туралы есеп

20\_\_ ж. " "

Ұйымның атауы: \_\_\_\_\_

Есептік кезеңі: \_\_\_\_\_ жыл

P/c №	Ұйымның атауы	Алынды (мың теңге )	Игерілді (мың теңге )	Ескертпе

М.О.

(болған жағдайда)

Ұйымның бірінші басшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (қолы)

Т.А.Ә (болған жағдайда).

Жылу энергиясын өндіру  
саласындағы ұйымдардың  
энергиямен жабдықтау  
жүйелерін жаңғыру жөніндегі  
жобаларды іске асыру үшін  
тартылған халықаралық қаржы  
ұйымдарының қарыздарын  
өтеуге және оларға қызмет  
көрсетуге арналған  
шығындарын субсидиялау  
қағидаларына 2-қосымша  
Нысан

### Төленген субсидиялар көлемдері туралы есеп

20\_\_ ж. " "

Жергілікті бюджеттік бағдарлама әкімшісінің атауы: \_\_\_\_\_

Нысаналы трансферттің атауы: \_\_\_\_\_

Есептік кезеңі: \_\_\_\_\_ жыл

Бюджеттік бағдарламаның атауы және коды: \_\_\_\_\_

P/c №	Ұйымның атауы	Алынды (мың теңге )	Игерілді (мың теңге )	Ескертпе

М.О.

(болған жағдайда)

Облыс (республикалық маңызы бар қалалар, астана) әкімі \_\_\_\_\_

— (қолы)

Бірінші басшы (немесе оны алмастыратын тұлға) -

Жергілікті бюджеттік

бағдарламалар әкімшісі \_\_\_\_\_

(қолы) Т.А.Ә (болған жағдайда).

Жылу энергиясын өндіру  
саласындағы ұйымдардың  
енергиямен жабдықтау  
жүйелерін жаңғырту жөніндегі  
жобаларды іске асыру үшін  
тартылған халықаралық қаржы  
ұйымдарының қарыздарын  
өтеуге және оларға қызмет  
көрсетуге арналған  
шығындарын субсидиялау  
қағидаларына 3-қосымша

Нысан

### Жиынтық есеп

20\_\_ ж. " "

Республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшісінің атауы: \_\_\_\_\_

Нысаналы трансферттің атауы: \_\_\_\_\_

Есептік кезеңі: \_\_\_\_\_ жыл

Бюджеттік бағдарламаның атауы және коды: \_\_\_\_\_

P/c №	Облыс, республикалық маңызы бар қалалардың, астана атауы	Ұйымның атауы	Алынды (мың теңге)	Игерілді (мың теңге)	Ескертпе

М.О.

(болған жағдайда)

Бірінші басшы (немесе оны алмастыратын тұлға) -

Республикалық бюджеттік

бағдарламалар әкімшісі \_\_\_\_\_

(қолы) Т.А.Ә (болған жағдайда).

Жылу энергиясын өндіру  
саласындағы ұйымдардың  
енергиямен жабдықтау  
жүйелерін жаңғырту жөніндегі  
жобаларды іске асыру үшін  
тартылған халықаралық қаржы

ұйымдарының қарыздарын  
өтеуге және оларға қызмет  
көрсетуге арналған  
шығындарын субсидиялау  
қафидаларына 4-косымша  
Нысан

## Қорытынды есеп

20 \_\_ ж. " "

Республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшісінің атауы: \_\_\_\_\_  
Нысаналы трансферттің атауы: \_\_\_\_\_

Есептік кезеңі: \_\_\_\_\_ жыл

Бюджеттік бағдарламаның атауы және коды: \_\_\_\_\_

№ п/п	Тікелей нәтиже					
	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	Көрсеткіштер дің жоспарлы мәні	Іс-шараларды ң нақты орындалуы, нәтижелерге қол жеткізу сатысы	нәтижелерге қол жеткізу %	Жоспар (мың тенге)
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Тікелей нәтиже						
Н а к т ы орындалуы (мың тенге)	Орындалуы %	Орындалмауы (мың тенге)	Бюджет каражатын үнемдеуі (мың тенге)	Игерілмеуі (мың тенге)	Нәтижелерге қол жеткізілмеу (асыра орындау) себептері	
8	9	10	11	12	13	

М.О.

(болған жағдайда)

Бірінші басшы (немесе оны алмастыратын тұлға) -

Республикалық бюджеттік

бағдарламалар әкімшісі \_\_\_\_\_

(қолы) Т.А.Ә (болған жағдайда).